Ембі тынысы

№11 (154)
ҚАЗАН
2026 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:
Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ИННОВАЦИЯ

AI & DIGITAL BRIDGE 2026:

ҚМГ кен орындардың Цифрлық телнұсқасын таныстырды

AI & Digital Bridge 2026 форумында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновке өндірістік нысандардағы цифрлық жобалардың іске асу барысы туралы баяндады.



Ұлттық компания енгізіп жатқан жобалардың бірі – жасанды интеллект (ЖИ) негізіндегі кен орындардың Цифрлық телнұсқасы.

Жүйе жер қабаты, ұңғымалар, өндіру туралы деректерді біріктіреді, игеру сценарийлерін есептейді, сондай-ақ технологиялық және экономикалық тиімділікті ескере отырып, оңтайлы нұсқаларды ұсынады. ЖИ көптеген деректерді есептеп, ұсыныстарды бірнеше сағат ішінде қалыптастырады. Бұған дейін бұл жұмыс бірнеше айға созылатын.

Өндірілуі қиын қорлардың үлесі ұлғайып келе жатқан ҚМГ-ның ескі кен орындары үшін жаңа технологияларды пайдалану ерекше маңызға ие. Цифрлық құралдар деректерді дәл талдауға, есептеу мерзімін қысқартуға және қымбат далалық эксперименттерді жүргізбей-ақ, кен орынды одан әрі игеру бойынша шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді.

Атырау облысындағы «Ембімұнайгаз» АҚ Шығыс Молдабек кен орнының Цифрлық телнұсқасы көрсетілді.

Бастапқы кезең – қабаттың өзекті геологиялық-гидродинамикалық үлгісі. Оның негізінде жүйе игеру нұсқаларын есептейді, қалдық қоры бар учаскелерді анықтайды және қабат қысымын ұстап тұру жүйесінің тиімділігін арттырады. Бұл кен орнында цифрлық қабат 700-ге жуық сценарийді есептеп берді.

Келесі деңгей – ұңғыма. Цифрлық телнұсқа ұңғымаларды әлеуеті бойынша саралайды, геологиялық-техникалық іс-шараларға кандидаттарды автоматты түрде таңдайды және ұңғымалардың жұмыс режимдерін анықтауға, соның ішінде күрделі жағдайларды болжауға көмектеседі. Цифрлық өндіру ұңғыма қорының мониторингін қамтамасыз етеді: деректер әр бес минут сайын жаңартылып отырады, бұл ұңғымалардың күйін жылдам бақылауға және ауытқулар кезінде тезірек әрекет етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық құралдарды қолдану өндіру шығынын 5% азайтуға және еңбек шығынын 15% дейін қысқартуға ықпал етеді.

Осы кезеңдер арасындағы Цифрлық телнұсқаның контурына өзара байланысты өндірістік іс-шаралар кіреді: жөндеуді жоспарлау, көлікті басқару және жасанды интеллект арқылы сатып алу, сондай-ақ өндірістік жұмыстарға рұқсат беру. Бұл процестерді цифрлық форматқа көшіру шешімдердің жеделдігін және өнеркәсіптік әрі өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттырады.

Жалпы, ҚМГ Мемлекет басшысы жариялаған «Цифрландыру және жасанды интеллект жылында» өзінің активтеріне жаңа технологияларды жүйелі түрде енгізіп келеді. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады. 2028 жылдың соңына дейін компаниялар тобындағы өндіру көлемінің 90%-дан астамын қамтамасыз ететін 12 кен орнында цифрлық телнұсқаларды енгізу жоспарлануда. Жобаның ауқымын кеңейту қосымша 2,8 млн тонна мұнай өндіруге мүмкіндік береді, ал экономикалық тиімділік шамамен 326 млрд теңгені құрайды деп күтілуде.

https://www.kmg.kz/press-center/press-releases

ӨНДІРІСТЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН РЕСУРСТАР

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Атырау облысына жұмыс сапары барысында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (ЕМГ) өндірістік нысандарын аралап, мұнай мен газ өндірудің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

ҚМГ басшысы Шығыс Молдабек кен орнында Цифрлық телнұсқа жобасы аясында деректерді жинау және өңдеу жұмыстарына тартылған нысандардың жұмысымен танысты. Олардың арасында автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғылары, интеллектуалды басқару станциялары, мұнайды дайындау және айдау нысандары, сондай-ақ өндірістік процестерді жедел басқару орталықтары бар.

Қазіргі уақытта кен орнындағы барлық стационарлық автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғыларынан деректер қашықтан жиналады. Сонымен қатар өндіруші ұңғымалардың 99% интеллектуалды басқару станцияларымен жабдықталған. Бұл ұңғымалардың жұмысын нақты уақыт режимінде бақылауға, жабдықтарды қашықтан басқаруға және негізгі өндірістік көрсеткіштерді үздіксіз қадағалауға мүмкіндік береді. Ендігі кезеңде өндірісті басқару мен мониторингтеудің цифрлық құралдарын біріктіретін Интеграцияланған операциялар орталығын құру жоспарлануда.



2

ӨНДІРІСТЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН РЕСУРСТАР



(Соңы. Басы 1-бетте)

Шығыс Молдабек кен орнында цифрлық телнұсқаны енгізу алынуы қиын мұнай қорының 12 млн тоннасын игеруге мүмкіндік береді.

Осындай жүйе С.Нұржанов кен орнында да енгізілуде. Жалпы, ҚМГ 2028 жылдың соңына дейін цифрлық телнұсқа технологиясын компаниялар тобы бойынша мұнай өндірудің 90%-дан астамын қамтамасыз ететін 12 ірі кен орнында енгізуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар Асхат Хасенов биыл тамыз айында салынған жаңа әкімшілік ғимаратты және жақын уақытта пайдалануға берілетін 150 орындық асхананы аралап көрді. ЕМГ өндірістік персоналдың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытындағы жүйелі жұмыстарын жалғастырып келеді.



Өндіріс мәселелеріне арналған кеңес барысында ЕМГ басшылығы компания қызметінің нәтижелері мен алдағы даму жоспарларын баяндады. Биылғы тоғыз айда 2 млн 237 мың тонна мұнай мен конденсат өндіріліп, жоспарлы көрсеткіштен 57 мың тоннаға артық болды.

Компанияның негізгі басымдықтарының бірі – ресурстық базаны толықтыру. 2026-2031 жылдарға арналған қосымша барлау бағдарламасы С.Нұржанов, Гран, Досмұхамбетов, Батыс Прорва, Шығыс Мақат, Уаз, Қаратон, Терең-Өзек және Оңтүстік-Шығыс Новобогатинск кен орындарын қамтиды. Нәтижесінде алынатын мұнай қорының көлемі 15 млн тоннаға ұлғаяды деп күтілуде.

Алынуы қиын қорларды игеруге тарту мақсатында 2026-2028 жылдары Терең-Өзек, Қарсақ және Гран кен орындарында сағасы көлбеу 30 ұңғыманы бұрғылау жоспарланып отыр. Бұл қосымша 3 млн тоннаға дейін алынатын мұнай қорын игеруге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, ЕМГ-нің алынуы қиын мұнай қорының әлеуеті 43 млн тоннаға бағаланып отыр.

ЕМГ өндіру көлемін ұлғайту және шығынды азайту мақсатында жаңа технологиялық шешімдерді енгізіп келеді. Биыл С.Нұржанов, Досмұхамбетов және Батыс Прорва кен орындарында жоспарланған он ұңғыманың бесеуінде көлденең бүйір оқпандарын бұрғылау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бір тәулікте мұнай өндіру көлемі қосымша 130 тоннаға артты. Осындай жұмыстардың құны жаңа көлденең ұңғымаларды бұрғылауға қарағанда екі еседен астам төмен.

Терең-Өзек кен орнында Slim Hole технологиясын қолдана отырып, бес айдау ұңғымасының құрылысы жүргізілуде. Бұл әдіс шығындарды шамамен 15%-ға қысқартуға мүмкіндік береді.

«Батыс Прорва» газ жобасының іске асырылу барысы да қаралды. 2025 жылы бірінші іске қосу кешені пайдалануға берілді, ол жылына 160 млн м³ дейін газ өңдеуге қауқарлы. Ал 2027 жылы оның қуатын жылына 920 млн м³ дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Жалпы, ескі кен орындарында қосымша барлау жұмыстарын жүргізу және жаңа технологияларды енгізу еліміздің ресурстық базасын толықтыруға бағытталған. Жиын қорытындысы бойынша Асхат Хасенов негізгі жобалардың уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуді, заманауи технологияларды енгізуді және ЕМГ қызметінің тиімділігін одан әрі арттыруды тапсырды.

ЗАСЕДАНИЕ КОМИТЕТА

КУРС НА БЕЗОПАСНУЮ ЗИМУ

В АО «Эмбамунайгаз» прошло заседание Комитета по производственной безопасности, охране труда и окружающей среды, на котором подвели итоги за 9 месяцев 2026 года.

В нем приняли участие начальники всех производственных структурных подразделений ЭМГ, а также бизнес-партнеры. За данный период были проведены проверки в 91 подрядной компании из 134, осуществляющих деятельность на территории ЭМГ. В результате выявлено 3 474 нарушения, из которых на сегодняшний день устранено 97%.





Руководители ряда подрядных компаний, где имели место инциденты, связанные с нарушениями БиОТ, проинформировали о принимаемых профилактических мерах в целях недопущения подобных случаев.

На заседании особое внимание было уделено соблюдению требований безопасности, обеспечению безопасной эксплуатации объектов и оборудования, а также работе персонала в осенне-зимний период. В первую очередь требования касаются пожарной и транспортной безопасности, электрооборудования, системы отопления, зимней спецодежды и других аспектов.

Подытоживая итоги заседания Комитета, **генеральный директор АО «Эмбамунайгаз» Ринат Измуханбет** призвал всех бизнес-партнеров подавать пример личного лидерства и искренней приверженности в вопросах безопасности. Глубокая вовлеченность руководства в правила БиОТ является одной из главных составляющих на пути к безопасному производству, отметил глава ЭМГ.

МЕРЕЙ

ӘРІПТЕСІМІЗ – МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕГЕРІ



Ұлттық мереке – Республика күніне орай, Атырау облыстық әкімдігі ұйымдастырған салтанатты шарада еліміздің және өңірдің дамуына үлес қосқан бірқатар азаматқа Президент атынан мемлекеттік марапаттар табысталды.

Солардың қатарында **әріптесіміз, «Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкері Марат Оразалиев «Ерен еңбегі үшін»** медалін иеленді.

САЛТАНАТТЫ ШАРА





ЕМБІЛІКТЕР ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІ АТАП ӨТТІ

Ембілік мұнайшылар ел тарихындағы маңызды дата, егемендіктің негізі қаланған ұлттық мереке – Республика күнін атап өтті. Салтанатты іс-шаралар «Ембімұнайгаз» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінде ұйымдастырылды.

Отаншылдық рухты, ұлттық тұтастықты паш еткен салтанатты шаралар түрлі алаңдарда, алуан форматта өтті. Мұнайгаз өндіру басқармаларынан бастау алған мерекелік жиындар Орталық басқару аппаратында да ұйымдастырылды. Бас кеңседегі басқосуда **«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет** әріптестерін ұлттық мерекемен құттықтап, ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген мұнайшылардың еңбегіне тоқталды.

– *Әрбір мемлекеттің қуаты оның экономикалық әлеуеті мен берік іргетасынан бастау алады. Өндірістегі әрбір жетістік, қабылданған нақты шешім, заманауи инновация, өндірілген мұнай қоры – компанияның ғана емес, бүкіл Қазақстанның дамуына қосылған үлес. Біздің мақсатымыз – бүгінгі жетістіктермен шектелмей, бәсекеге қабілеттілікті арттыру. Сол жолда бірлесе еңбек ету. Алдағы уақытта да ортақ мақсатқа жұмылып, тұрақты даму жолындағы жұмыстарды жалғастыра беретінімізге сенімдімін,* – деген Компания басшысы өндіріс саласындағы табанды қызметтің, кәсібилік пен жауапкершіліктің ел игілігін арттырудағы маңызын атап өтті.

Мерекенің басты сәттерінің бірі – адал еңбегімен, кәсіби шеберлігімен және өндірістік көрсеткіштерді жақсартуға, мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлестері үшін қызметкерлерді марапаттау рәсімі. Мамандарға түрлі деңгейдегі марапаттар табысталды.

Шарада **«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы КБ төрағасы Болат Нсанбаев** мерекелік құттықтауын жеткізіп, бір топ қызметкерге Алғыс хат табыстады.

Мерекелік бағдарламаның соңы Дина Нұрпейісова атындағы оркестрдің саундтрек концертімен түйінделді.

ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ

ЖҰМЫС ЫРҒАҒЫ МЕН ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ

КОМПАНИЯ БАСШЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ІССАПАРЫ ОСЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ АРНАЛДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры Ринат Ізмұханбет «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында (МГӨБ) болып, мұнай-газ өндіру тиімділігін арттыруға бағытталған инвестициялық жобалардың орындалу барысымен танысты. Ұжыммен кездесіп, жыл басынан бері нәтижесін тапқан шаралар туралы баяндап өтті.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен орнындағы ұжыммен болған кездесуде 2026 жылдың алғашқы тоғыз айындағы өндірістік-қаржылық қызметінің қорытындылары таныстырылып, алдағы кезеңге арналған міндеттер талқыланды.

Өндірістік ұжымдармен тұрақты кездесулер өткізу – «Ембімұнайгаз» компаниясында қалыптасқан дәстүр. Мұндай кездесулер мұнайшыларды компания қызметінің негізгі көрсеткіштерімен таныстыруға, өндірістегі өзекті мәселелерді бірлесе талқылауға және оларды шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы ұжымдағы ішкі коммуникацияны дамытып, басшы мен жұмысшылар арасындағы байланысты нығайтады.

Прорва кен орнында өткен кездесуде Ринат Нұрғожаұлы мұнай-газ өндіру көрсеткіштерінің орындалуы, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өндіріс тиімділігін арттыру мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар еңбек ұжымының ұсыныс-пікірлері тыңдалып, жұмыс барысында туындайтын мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланды.





МҰНАЙШЫЛАР ЖАЛАҚЫ МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ

Кездесу барысында мұнайшылар өздерін толғандырған сауалдарын ортаға салып, бірқатар өзекті мәселені көтерді. Соның ішінде еңбекақыны арттыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Мұнайшылардың жалақыны көтеру жөніндегі сауалдарына **«Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенов** жауап берді. Ол еңбекақыны есептеуде қолданылатын – Еңбекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесінің (ЕСОТ) ерекшеліктеріне тоқталып, жалақы мөлшеріне әсер ететін негізгі факторларды түсіндірді.

ЕСОТ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін ұйымдарда қолданылатын бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі. Бұл жүйе бойынша қызметкерлердің жалақысы белгіленген талаптар мен өлшем шарттарға сәйкес есептеледі. Еңбекақы мөлшерін айқындау кезінде қызметкердің атқаратын лауазымы, кәсіби деңгейі, біліктілік санаты және жұмысының күрделілігі ескеріледі. Сонымен қатар, жүйе аясында жыл сайын инфляция деңгейіне байланысты жалақыны индекстеу жүргізіледі.

Кездесу барысында ұжымдағы бірлік пен өзара түсіністікті нығайту, кәсіподақ ұйымының қызметіне қатысты мәселелер де кеңінен талқыланды. Жиынды қорытқан компания басшысы: «Мұндай кездесулер жұмысшылардың өздерін толғандырған мәселелерді ашық айтуына, басшылықтың ұжым сұранысын тереңірек түсінуіне және ортақ мақсат жолында бірлесе әрекет етуіне мүмкіндік береді» деп атап өтті.

Сапар барысында «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен алаңында жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың аясында кен орындарын дамыту жұмыстарының орындалу барысымен танысып, бизнес-әріптестермен кездесті.

КОМПАНИЯНЫҢ ТАБЫСЫН ӨСІРЕТІН ЖОБАЛАР

ЕМГ Бас директоры Ринат Ізмұханбет «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнындағы ілеспе газды өңдеуге арналған кешенді газды даярлау қондырғысының (ҮКПГ) бүгінгі барысымен танысты. Пайдалануға берілгелі отырған аталмыш қондырғы толық іске көшкенде мұнай өндіру көрсеткішін арттырумен қатар, жыл сайын ішкі нарыққа қосымша тауарлық және сұйытылған көмірсутек газ көлемін жеткізуді қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Компания басшылығы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның Оңтүстік-Батыс Қамысты және Гран кен алаңдарындағы газ поршенды электр станцияларының (ГПЭС) жұмысымен танысты. Кен орындарының энергетикалық шығынын азайтуға және ілеспе мұнай газын тиімді пайдалануға бағытталған маңызды жоба Ембі өндірісінің сыртқы электр желілеріне тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Нақтыласақ, өндірістің электр энергиясын сырт көзден сатып алуға кеткен шығынды азайтады.

Өндірістегі жұмыстармен жан-жақты танысқан компания басшылығы С.Балғымбаев кен алаңындағы мұнайшылар жатақханасында болып, ауысымдық әдіспен еңбек етіп жатқан жұмысшыларға жасалып жатқан әлеуметтік бағыттағы іс-шараларымен де танысты.

ЧЕМПИОНАТ







KMG SKILLS-2026: ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Атырау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыруға және жұмысшы мамандықтарын дәріптеуге бағытталған KMG Skills кәсіби шеберлік чемпионаты өтті.



ҚМГ-ның 18 еншілес және тәуелді ұйымынан келген 120 қатысушы өз мамандығы бойынша үздік атану үшін бақ сынады. KMG Skills үздік мамандарды анықтауға, олардың кәсіби дағдыларын одан әрі жетілдіруге және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар чемпионат ҚМГ компаниялар тобының кәсіпорындары арасында тәжірибе алмасуға және кәсіби білімді бөлісуге жағдай жасайды. Биыл KMG Skills чемпионаты екінші рет ұйымдастырылып отыр.

Жарыс **12 мамандық** иелері арасында өтті. Атап айтқанда, мұнай және газ өндіру, қабат қысымын ұстап тұру, мұнайды дайындау, технологиялық қондығылардың операторлары, химиялық талдау зертханашылары, электромонтерлер, электргазбен дәнекерлеушілер, бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика, технологиялық жабдықты жөндеу мен оған қызмет көрсету жөніндегі слесарьлер, компрессорлық қондырғының, технологиялық сорғылардың машинистері, сондай-ақ, токарьлер өзара сынға түсті.

Чемпионат бағдарламасы **үш кезеңнен** тұрды:







• қауіпсіздік техникасы талаптарының бұзылуын анықтау;

• алғашқы медициналық көмек көрсету;

• мамандық бойынша практикалық тапсырмаларды орындау.

Байқау «Ембімұнайгаз» АҚ («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС және APEC PetroTechnic жоғары колледжінің алаңдарында өтті. Қатысушылардың кәсіби біліктілігін объективті бағалау үшін **40-тан астам тәуелсіз сарапшы** тартылды.

Қатысушылар ең алдымен APEC PetroTechnic жоғары колледжінің базасында өткен бірінші және екінші кезеңдерде қауіпсіздік техникасы талаптарының бұзылуын анықтау және алғашқы медициналық көмек көрсету тапсырмаларын орындау бойынша сынға түсті.

Олар белгіленген талаптарды қаншалықты меңгергенін, мұқияттылығын және теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану қабілеттерін көрсетті. Қатысушыларға қауіпсіздік ережелері әдейі бұрмаланған жағдайларда бейнематериалдар ұсынылып, 5 минут ішінде олар қауіпті анықтап, ықтимал тәуекелдерді бағалап, оларды жою жолдарын ұсынуы қажет болды.

Ал, екінші кезең алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналды. Қатысушылар белгіленген уақыт ішінде жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу алгоритмін орындады. Атап айтқанда, оқиға орнының қауіпсіздігіне көз жеткізуі, зардап шегушінің жағдайын бағалауы, жедел жәрдем шақыру әрекетін көрсету және реанимациялық шараларды жүргізуі қажет болды. Бағалау кезінде қатысушылардың әрекеттерді дұрыс ретпен орындауы, кеуде қуысын басу жиілігі мен тереңдігі, қолды дұрыс қоюы және жасанды тыныс беру тәсілі ескерілді.

Жалпы екі кезең тапсырмалары қызметкерлердің ықтимал қауіп-қатерлерді дер кезінде анықтау, қысқа уақыт ішінде шешім қабылдау және төтенше жағдайларда сауатты әрекет ету дайындығын тексеруге бағытталды.

Чемпионаттың үшінші кезеңі бірнеше алаңдарда өтті. Соның бірі – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының оқу полигоны. Мұнда мұнай және газ өндіру, қабат қысымын ұстап тұру, мұнайды дайындау және технологиялық қондырғылар бойынша 43 оператор қатысты.

Қатысушылар өз мамандықтары бойынша практикалық тапсырмаларды орындады: тербелмелі қондырғының жетек белдігін, манометрді және ысырма арасындағы тығыздатқышты ауыстырды, тауарлы мұнайды дайындады. Сонымен қатар ұңғымаға су айдау көлемін дәл реттеу үшін штуцерді алмастырды.

Қатысушылардың жұмысын 12 сарапшы бағалады. Операторлар тапсырмаларды белгіленген уақыт ішінде орындап, технологиялық регламенттің және қауіпсіздік талаптарының сақталуына назар аударды.

Ал, APEC PetroTechnic жоғары колледжінің базасында өткен практикалық кезеңге 6 бағыт бойынша 58 маман қатысты. Бұл алаңда технологиялық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету слесарьлері, электргазбен дәнекерлеушілер, электромонтерлер, компрессорлық қондырғылар мен технологиялық сорғылар машинистері, сондай-ақ, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика слесарьлері өзара бақ сынады.

«Зертханалық талдау» және «Темір жону жұмыстары» құзыреттері бойынша сынға түскен қатысушылар Атырау мұнай өңдеу зауытының алаңында практикалық кезеңнен өтті.

Чемпионатқа қатысқан 10 зертханашы 45 минут ішінде мемлекеттік стандарттарға сәйкес мұнайдың тығыздығын анықтауы тиіс болса, 9 темір жонушы бір сағат ішінде сорғы жабдығына арналған қорғаныш қаптамасын дайындады. Дайын бұйымдардың техникалық сызбаға сәйкестігі бағаланды.

Байқауға тәжірибелі қызметкерлермен қатар еңбек жолын енді бастаған жас мамандар да қатысты. Әрбір қатысушы үшін чемпионат өз шеберлігін дәлелдеп, үздіктер қатарынан көрінуге мүмкіндік берді.

Байқаудың салтанатты жабылу рәсіміне **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов** қатысып, ұлттық компания қызметкерлерді кәсіби даярлау жүйесін үнемі дамытып, жұмысшы мамандықтарына және олардың кәсіби өсуіне ерекше көңіл бөліп келетінін атап өтті.

– *ҚМГ қызметкерлердің кәсіби әлеуетін дамытуға, біліктілігін арттыруға бағытталған ауқымды бағдарламаларды жүзеге асырып келеді. Сонымен қатар еңбек жағдайларын жақсартуға, өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, оқытуға, тағылымдамадан өтуге және тәжірибе алмасуға айрықша мән берілуде. Мұнай-газ саласының тұрақты дамуы, ең алдымен, өндірісте еңбек ететін білікті мамандарға байланысты. Біз үшін әр қызметкердің өз біліктілігін шыңдап, жаңа технологияларды меңгеруі және кәсіби тұрғыдан үздіксіз дамуы маңызды,* – деді А.Хасенов.

Барлық 12 мамандық бойынша үздік үштікке енген жеңімпаздар есімі жарияланып, арнайы диплом мен сертификаттар табысталды.

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР:

«Технологиялық қондырғылар операторы» мамандығы:
1-орын – Бердібек Әділов;
«Электромонтер» мамандығы:
1-орын – Әлихан Абат;
«Токарь» мамандығы:
1-орын – Нұрсейіт Қоңырбаев;
«Химиялық талдау лаборанты» мамандығы:
3-орын – Ләззат Идиркенова;
«Технологиялық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету слесарі» мамандығы:
3-орын – Нұрлыбек Естілеуов.

HR БРЕНДИНГ

«Ембімұнайгаз» АҚ HR-брендинг пен корпоративтік оқытудың жаңа деңгейі – «Ішкі тәлімгерлік» жобасының 2-маусымын қорытындылады. Адам ресурстарын дамыту және компанияішілік сараптау дағдыларын арттыруға бағытталған бағдарлама сәтті аяқталды.

ІШКІ ТӘЛІМГЕРЛІК:
КӘСІБИ ДАМУ МЕН ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ

Атырау, Алматы, Астана қалаларында **5 ай** бойы өткен интенсивті модульдік оқытуға өндірістік бөлімшелерден іріктелген **25 қызметкер** қатысты. Бағдарлама барысында қатысушылар өз салалары аясында білімдерін жетілдірумен қатар, ораторлық шеберлік, команданы басқару және комфорт зонасынан шығу сияқты soft skills дағдыларын дамытып, спикерлік потенциалын арттырды.

Елорда және оңтүстік астанада өткен модульдер барысында жоба қатысушылары презентация жасау, басқару тәртіптері, командамен жұмыс, аудиторияны игеру сессияларын меңгерді. Ал, рафтинг, Supboard спорттық ойындары алған білімдерін пысықтай түсті. Өйткені, аталған іс-шаралардың да негізгі түйіні – бір мақсатқа бірге жұмылу.

Атырау қаласында өткен ең соңғы 5-модульде психология магистрі, корпоративтік мәдениет саласының сарапшысы Ерлан Мұстафа ішкі тренинг







негіздеріне тоқталып, даму, кәсіби жетістіктерге жету жолдарын түсіндірді.

– Бұл жоба – өз тиімділігін толық дәлелдеген стратегиялық бастама. Біз «Жоба соңында қандай нәтижеге қол жеткіземіз?» деген сауалға нақты жауап алдық. Алғашқы кезең түлектері қазірдің өзінде өндірістік құрылымдарда сапалы менторлық жүргізіп, сабақтастықты қамтамасыз етуде. Ал, бұл маусымның қатысушылары коучинг, ЖИ (AI) құралдары және Kaizen методологиясын еркін меңгеріп, компания ішіндегі кросс-функциялы, инновациялық командаңың негізін қалады. Тәлімгерлер – ең алдымен жас маманға жол сілтеп, үйретуші. Сонымен қатар, аға буынның қызметін жалғаушылар, - деп атап өтті **«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенов** жобаның жабылу салтанатында.

Финалдық кезеңде қатысушылар арнайы комиссияның алдында өз кейстері мен авторлық жобаларын қорғады. «Доссормұнайгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Қайсар Төлеуішов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас инженері Нұрлыбек Мұқанов, «Ембімұнайэнерго» басқармасының бас инженері Берік Баямиров, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Әлібек Каримбаев, «Ембімұнайгаз» АҚ тақырыптардағы презентацияларымен танысып шықты.

Жоба қатысушылары мұнай-газ өндірісінің барлық негізгі буындарын – ұңғымаларды жерасты жөндеу, гидравликалық қысыммен жару және гидродинамикалық зерттеуден бастап, өнімділігі төмен ұңғымалардың жұмысын арттыру, өндіру тәсілдері мен асқынулардың алдын алу, қабат қысымын ұстаудағы су сапасы, ілеспе газдан түйіршіктелген күкірт алу және мұнай дайындау цехтарының жабдықтарын күрделі жөндеуге дайындау технологияларын қамтыды. Сонымен қатар, материалдарда зертханалық химиялық талдаулар, индикаторлар мен реактивтерді қауіпсіз қолдану, ұңғымаларды жерасты жөндеу бөлімінің аға инженері Нұрлан Қоблandиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы Нұрбол Айтимов қатысушылардың әр электр жабдықтары мен СИП-3 желілерін монтаждау, дәнекерлеу ақаулары мен цементтеу агрегаты машинистерінің қателіктерін жою сияқты техникалық-аналитикалық мәселелер де терең талданған.

Көтерілген тақырыптардың тағы бірі – мұнай-газ өндіру операторларының кәсіби біліктілігін арттыру, планшеттер арқылы өндірістік мониторинг жүргізу, ұңғыма тоқтағандағы жедел іс-әрекеттер, жаңадан келген мамандарды адаптациялау және тәжірибелі қызметкерлердің «Бір минут ойлан – бір өмірді сақта» қағидаты аясында тәуекелдерді басқарып, өндірістік еңбек қауіпсіздігі мен тиімділігін жоғары деңгейде ұстануын камтамасыз ету.

Комиссия мүшелері жаңжақты зерделей келе, бірнеше номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтады. Сонымен қатар, қатысушылардың адами қасиеттері де ескерусіз қалмай, қосымша аталымдардың иегерлері де анықталды.

Басты нәтиже – Компанияда кез келген өзекті өндірістік және өзге де тақырыпты терең зерттеп, білім трансферін тиімді жүзеге асыра алатын жоғары білікті ішкі тренерлер пулының қалыптасуы.

ЖОБА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ:

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ: Қуанышбек Кибасов, Алмагүл Муханова, Мәди Бек, Рахымжан Теміров, Гүлжан Нұрбергенова, Асқар Беркалиев, Руслан Сиғуатов, Нұрлан Амиров;

«Доссормұнайгаз» МГӨБ: Ренат Кузнецов, Айдос Қалиолла, Гүлнар Кушкимбаева, Ринат Аманиязов;

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ: Дана Сауенова, Ерлан Тәжіғалиев, Сағынжан Молдаш, Жандәулет Сұлтанғалиев, Сырым Мұратов, Жеңісхан Ералиев, Исатай Алипкаиров;

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ: Серік Базарбай, Қабдықалым Ерғалиев, Бағдагүл Жайкина, Роман Хамитов;

«Ембімұнайэнерго» басқармасы: Жолдас Дильмагамбетов, Жақсылық Аманов.

АТАЛЫМ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР:

«Өндіріс құндылығын арттыратын тренинг» – Нұрлан Амиров;

«Үздік презентация» – Алмагүл Муханова;

«Үздік тренер-практик» – Жақсылық Аманов;

«Жаңашыл көзқарастағы тренинг» – Дана Сауенова;

«Шабыт пен жігер» – Айдос Қалиолла;

«Үздік сарапшы-тренер» – Ерлан Тәжіғалиев;

«Үздік тренер» – Бағдагүл Жайкина.

ҚОСЫМША НОМИНАЦИЯЛАР:

Жоба дауысы – Жолдас Дильмагамбетов;
Жоба жүрегі – Гүлнар Кушкимбаева;
Жоба берекесі – Жеңісхан Ералиев;
Жоба көркі – Гүлжан Нұрбергенова;
Жоба рухы – Сырым Мұратов.





ЕҢБЕК ДӘСТҮРІ

ТӨРТ БУЫНҒА ЖАЛҒАСҚАН АТА КӘСІП





Мұнайшы – тек мамандық қана емес. Қара алтын өндіру ісіндегі алғашқы жұмысшы табы қалыптасқан өңірде өзіндік қолтаңбаларын қалдырған, қалыптасу жолында аттары алтын әріптермен жазылатын даңқты мұнайшылар үшін бұл – өмір салты, ұрпақтарға жалғасқан ата кәсіп. Тұтас бір әулеттің еңбек жолын мұнай әлеуетімен байланыстырғандардың арасында тарихы бірнеше буындарға жалғасқан ордалы отбасылар да бар. Embi әрқашан мұнай өндірісінің қайнар бастауында тұруы арқылы еңбек дәстүрін жалғап келе жатқан сала өкілдері аға буын мұнайшылардың маңдай терін өзінің ғасырдан астам тарихымен тамырлас санайды.

Сондай дәстүр жалғастығының куәсі – **Қошбағанбетовтер отбасы.** Әулеттің мұнай саласындағы тамыры тым терең. Төрт буын. Төрт кезең. Бір кәсіп. Үлкендерден басталған мұнайшылық дәстүр бүгінге дейін үзілмей келеді.

Мұнай-газ саласында тер төгіп келе жатқан әулет өкілдерінің жалпы еңбек өтілі 322 жылды құрайды. Отбасының 13 мүшесі қазіргі уақытта қара алтын өндірісінің әр саласында табысты еңбек етуде.

Ардагер мұнайшы Серік Қошбағанбетов көз ашқалы мұнайлы өңірді мекен етіп, айналасындағы күнделікті тірлікті көріп, санасына сіңіріп өскен.

– Мұнайлы жерде өстік. Көргеніміз – мұнай сорғылары, бұрғылау қондырғылары, тракторлар сүйреп бара жатқан ауыр техникалар. Аталарымыз, ағаларымыз жұмыс жасайды. Солардың әңгімелерін тыңдадық. Жұмыс барысын ұғындық. Мамандық таңдауда зор ықпал етті. Болашағы зор сала әрі жеке қызығушылығым мол болғандықтан, техникумға түстім. Кейін салалық жоғары оқу орнында оқып, Алматыдағы политехникалық институттың студенті атандым. Білімім толысып, диплом алған шақта, қызметке тұрып, еңбекке араластым, – дейді ембілік ардагер Серік Жексенғалиұлы бізбен әңгімесінде.

Әкенің әңгімесін тыңдаған баланың да таңдауы тамырлас болары хақ. Бір кәсіптің бірнеше буынға жалғасуы – жай ғана статистика емес. Бұл – әулеттің кәсіпке деген сенімі мен салаға деген адалдығының көрінісі.

Тақырыпты **Қуаныш Серікұлының** әңгімесімен тарқата түстік.

– Мұнайшылар әулетінің шежіресі мұнай өндіру саласында дәнекерлеуші болған Қошбағанбет атамыздан басталады. Кейін атамыз Жексенғали Сүйесінов өмірінің 33 жылын осы салаға арнады.

Ата жолын әкеміз Серік Жексенғалиұлы Қошбағанбетов жалғастырды. Ол 1967 жылы мұнай саласындағы еңбек жолын бастап, 41 жыл ішінде оператор мен техниктен – цех бастығы, инженер және бас инженер лауазымдарына дейінгі үлкен кәсіби мектептен өтті. Жылдар бойы «Эмбанефть», «Қайнармұнайгаз» және «ҚазМұнайГаз» жүйесінде абыройлы қызмет атқарды.

Көпжылдық адал әрі өнімді еңбегі үшін әкеміз бірнеше рет марапаттар иеленді. Бүгінде ол – кәсіпорынның құрметті зейнеткері.

Өндірістегі қондырғылардың, темірдің тілін түсіну маған атам Қошбағанбеттен дарыса керек. Қазіргі уақытта «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының механика бөлімі бастығы лауазымында қызмет атқарудамын, – дейді ол.

Төрт буынға жалғасқан дәстүрді біріктіретін бір сөз бар. Ол – адал еңбек. Мұнай өндірісінің тарихы осындай еңбек адамдарының өмірімен өріледі. Бүгінгі ұрпақ сол дәстүрді жалғастырса, ертеңгі мұнай саласының тарихы да жалғаса бермек.

Президент бастамасымен 2013 жылдан бері қыркүйек айында арнайы атап өтілетін Еңбек күніне орайластырылған «Еңбек – ел мұраты» республикалық форумы аясында түрлі кәсіп өкілдері мен «Еңбек жолы» республикалық байқауының жеңімпаздарының басын бір алаңға қосты. Форумға еліміздің өңірлерінен түрлі кәсіп салаларының өкілдері жиналды. Аталған конкурс адал еңбекті әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен табысының негізі ретінде дәріптеу, еңбек әулеттерінің сабақтастығын сақтау, еңбек адамының мәртебесін арттыру миссиясын жүргізіп келеді. Аталған байқаудың Астанада өткен республикалық кезеңіне облыстық деңгейдегі жеңімпаз деп танылған Қошбағанбетовтер әулетінің мүшелері шақырту алып, қатысып келді. **Салтанатты марапаттау шарасында үздік еңбек әулеттері сапында үшінші орын иегері ретінде әулеттің қос ұлы мен келіндері Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевтың қолынан арнайы диплом иеленді.**

– Адал еңбекті дәріптеген «Еңбек жолы» республикалық конкурсына қатысу – біз үшін өте маңызды. Бұл – әулетіміздің еңбегін паш етіп, кәсіби құндылықтар мен өз ісіне деген сүйіспеншіліктің ұрпақтан-ұрпаққа қалай берілетінін көрсетуге берілген зор мүмкіндік. Еңбегіміз еленіп, Астана қаласынан шақырту алып, арнайы қатысып келгеніміз – біздің отбасымыз үшін үлкен мәртебе. Ал, ата-анамызды Атырау облысының әкімі Болат Ақшолақов марапаттады.

Отбасылық дәстүрді ары қарай жалғастырып, адал әрі жауапкершілікпен еңбек етуді, еліміздің дамуына өз үлесімізді қосуды және бұл өнегелі жолды келесі ұрпаққа аманаттауды басты мақсат етеміз, – дейді **Қуаныш Қошбағанбетов** сапардан алған әсерімен бөлісіп.

Өз ісін жетік меңгерген кәсіби маман болу – қазіргі заманның аса маңызды талабы. Білікті, жауапкершілігі жоғары, еңбеккөр азаматтар – ел дамуының кепілі. Әлем халықтарына ортақ «Еңбек – бәрін жеңбек» нақыл сөзінің мәні зор, мағынасы терең. Табанды еңбек – жетістікке жетудің көзі. Адал ниетпен атқарылған әрбір іс – қадірлі, кез келген еңбек – зор құрметке лайық. Былтыр ел көлемінде Жұмысшы мамандықтар жылы аталып өтті. Бұл бастама еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттырып, тәлімгерлік дәстүрі мен еңбек әулеттерінің мән-маңызын нығайта түсуге тың серпін берді.

Майталман мұнайшылар есімімен Embi тарихы жалғаса бермек.

ДАМУ МЕН ТӘЛІМ

ЖҰМАБАЙ АМАНОВ – ҮЗДІК ТӘЛІМГЕР

Мұнайлы өңір – Атыраудың экономикалық әлеуетін арттырып, еліміздің қара алтын қорын еселеп жүрген мұнайшылардың арасында өз ісін жетік меңгеруінің арқасында өзгелерге үлгі болып жүрген жандар аз емес. Солардың бірі – «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Уаз мұнай-газ және конденсат өндіру учаскесінің шебері Жұмабай Аманов. Ол «Еңбек жолы» байқауында бағын сынап, «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша топ жарды.





Мұнай өндірісі – тек заманауи технологияны ғана емес, жылдар бойы жинақталған бай тәжірибе мен тәртіпті талап ететін жауапты сала. Жұмабай Исатайұлы 32 жылдық еңбек өтілінде Embi кен алаңдарындағы өндіріс ортасынан табылып, табанды еңбегі арқылы өз ісінің нағыз білгірі екенін көрсетіп келеді.

Уақыт өте келе жинақтаған білімі мен тәжірибесін өндіріске жаңадан қадам басқан жас мамандарға үйретуді өзінің азаматтық әрі кәсіби борышы санады. Ол – «ұстазсыз шәкірт болмайды» деген қағиданы ұстанып, жастардың кәсіби шыңдалған, жоғары білікті маманға айналуына үлес қосып жүрген аға буын өкілі.

Өз ісінің нағыз маманы ретінде білімін үнемі жетілдіріп отырады. Халықаралық тәлімгер сертификатына ие. Сонымен қатар, компанияішілік «Ішкі тәлімгерлер мектебін» тәмамдап, жасақталған пулға енді. Қазіргі уақытта «Өндіріске сәтті бейімдеу» тақырыбы аясында тренингтер өткізуде.

Жас буынға жол сілтеуші шебер бірнеше маманды баулып, мұнайшылық кәсіптің қыр-сырын үйретумен қатар, олардың кәсіби қалыптасуына бағыт-бағдар беріп келеді. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің мұнай-газ саласындағы түрлі кәсіпорындарда табысты еңбек етуде. Бұған қоса, дуалды оқыту жүйесі аясында студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізіп, теориялық білімдерін нақты тәжірибемен ұштастыруға үлес қосуда.

Тәлімгерлік бағыттағы осынау жоғары нәтижелері үшін биыл «Еңбек жолы» республикалық байқауының облыстық кезеңінде ол «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясын жеңіп алып, Атырау облысы әкімінің қолынан марапат алды. Еңбек адамының мәртебесін көтеруге, жұмысшы мамандардың беделін арттыруға бағытталған бұл марапаттың Жұмабай Амановқа кездейсоқ берілмегенін оның жетекшілігімен өндірістік мектепте шыңдалған жас мамандардың табысты еңбегі мен өндірістен тыс уақытта салалық колледждерге арнайы барып, студенттерге дәрістер өткізетіні дәлел бола алады.

– Өндірістегі ең басты құндылық – адам капиталы. Жастарға бағыт-бағдар беріп, олардың өз ісіне деген сүйіспеншілігін ояту – біздің басты міндетіміз. Бұл марапат – тек маған емес, бүкіл ұжымымыз бен өндірістегі әріптестеріме берілген баға деп білемін, – дейді жеңімпаз.

Ұзақ жылдар бойы өндірістің ыстық-суығына шыңдалып, мұнай өндірісі, ұңғымаларды зерттеу және мұнай өндіру технологияларын жетік меңгерген Жұмабай Исатайұлының қоржынында түрлі деңгейдегі марапаттары бар.

Жұмабай Амановтың бұл жеңісі – өндірістік сабақтастықтың беріктігі мен ұрпақтар арасындағы алтын көпірдің айқын дәлелі. Еңбек адамының мерейін асырған бұл марапат – мұнай өндірісіндегі сан салада табысты еңбек етіп жүрген жандар үшін зор жетістік.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

ЕМБІНІҢ ЕРЕН ЕРІ

Нәзен Бермағамбетов жайында үзік сыр

Қазақстан мұнайының бастауында тұрған Қарашүңгіл 1899 жылы қазақ жерінде мұнай бар екенін бүкіл әлемге паш етсе, Доссор (1911 ж.) мен Мақат (1915 ж.) – алғаш өндірістік мұнай берген кен орындары. Өлкеде Ембі мұнай кен алаңдарын игеру үшін алғашқы жұмысшы табы қалыптасты. Жергілікті ұлт өкілдері тың саланың мамандықтарын игеріп, майталман мұнайшылар атанды. Азамат соғысынан кейінгі жылдарда Ембі кәсіпшіліктерінде қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқан тұста алғашқы мұнайшылардың қатарын жастар толықтырды. Осындай жастардың қатарында болған, кейіннен Ембі өңіріне, бүкіл Қазақ еліне, одан әрі Одаққа танымал болған атақты мұнайшылардың бірі – Нәзен БЕРМАҒАМБЕТОВ.

Нәзен Бермағамбетов 1908 жылы Қызылқоға ауданының Соркөл елдімекенінде дүниеге келді. Бір жасында анасы Бал дүниеден өтіп, 5 жасында әкесі Бермағамбет қайтыс болғандықтан, апасы Орын екеуі балалар үйінде тәрбиеленген. Ал, 14 жасында еңбекке араласып, шыңдала түседі.

Арада жылдар өте келе, 19 жасқа толған Н.Бермағамбетов 1927 жылы Мақат мұнай кәсіпшілігінде қатардағы жұмысшы болып еңбек жолын бастайды. Қара алтын өндірісінің қыр-сырын тәжірибелі ағалардан үйрене келе, өндірістегі негізгі мамандықтың бірі мұнай саласындағы слесарь-жөндеуші мамандығын игереді. Он жыл уақыт өтіп, әбден төселген шағында 1937 жылы мұнай өндіру шеберінің көмекшісі лауазымына тағайындалды. Даярлау курсында оқып, теориялық білімін жетілдіреді де кәсіпшіліктің мұнай өндіру шебері лауазымына жоғарылатылды. Мұнайшылар ұжымының өндірістік жоспарларды артығымен орындауына зор үлес қосты. Стахановшылар қозғалысының алғы сапында болды.

Қазақстан мұнайшылары үшін үлкен сынақ болған белестің бірі – екінші дүниежүзілік соғыстың қаһарлы жылдары. Мұнайлы аймақтың ұл-қыздары майдан мен тылда қаһармандық пен ерлік еңбектің үлгісін таныта білді, өндіріс көлемін еселеп арттырып, соғыс қажетін өтеді. Майданға аттанған азаматтардың орнын жоқтатпай, өндіріс ырғағын қалыптыдан өзгертпеу мұнайшылардың алдына қойған қатал мақсаты мен міндетіне айналды. Қорғаныс қажетіне көптеп қара алтын беру үшін қажымай еңбек етіп, ерлер қатары ұрыс даласына кетіп азайған соң, солардың орнын толтыратын жұмысшы күшіне мұқтаждық туды.


Міне, сондай қажыр-қайрат буыны бекіп, бұғанасы қатпаған балалардың, еңкейген кәрілердің бойынан табылды. Ерлердің мамандығын әйелдер меңгерді. Мұнайшылар қатары кәсіпшілік училищелерді бітірген жастармен де толықтырылып отырды.

Ішкі резервтерді қарастырып, бар мүмкіндіктерді толық пайдалану мәселесі күн тәртібіне шықты. Жоқты «жоқ» деп, қол қусырып отырмай, қолдағы бармен қажетті жабдықтан кем түспейтін қондырғы, болмаса аса зәру бөлшектер жергілікті шеберханаларда жасалып, алынып жүрді. Сондай ізденістердің арқасында «Бермағамбетов качалкасы», «Бермағамбетов гидробуры» секілді құрылғылар ойлап табылды. «Ұңғыма сорабының жүрісін ұзарту» әдісі мұнай өнімін арттыруда ұтымды әдістердің бірі саналды. Бұл жаңашылдық өміршеңдігін дәлелдеді.

Аталған өндірістік тапқырлықтар мемлекет қаржысын үнемдеп қана қоймай, мұнай өндірісі үшін жабдық жасайтын зауыттардан келетін қондырғыларға деген сұранысты қанағаттандырып отырды. Ал, осынау аса тиімді жабдықты ойлап тапқан ембілік мұнайшы Нәзен Бермағамбетовтың ерен еңбегі өндірістік табыстарымен айшықтала түсті.

Қазақстан мұнайшыларының еңбек-ерлігі кеңінен танылды. Жүздеген еңбек озаттары КСРО орденімен және медальдармен марапатталды. Солардың қатарында Нәзен Бермағамбетов Ленин орденін өңіріне тақты. Жергілікті басшылық қорғаныс мүддесі үшін күн-түн демей еңбек етіп жатқан мұнайшылардың еңсесін түсірмей, шынығып-ширыға түсуі үшін қажетті шаралардың бәрін жүзеге асырды. Алдымен майдан мен тылдың бірлігін сақтап, жауынгерлер мен еңбек адамдарының арасындағы байланыстың үзілмей, нығая түсуіне ықпал жасады. Мұның өзі майдандағыларды ерлікке жігерлендірсе, тылдағыларды еселі еңбекке бастады.


1940 жыл


1927 жыл

1942 жылдың қыркүйек айында радио арқылы Ембі мұнайшыларына жолданған үндеуге: «Біз, Мақат ауданының мұнайшылары, Сіздердің үндеулеріңізге жауап ретінде соғыс заказдарын асыра орындап, елімізге қанқұйлы жауды жеңу үшін қанша мұнай керек болса, сонша мұнай береміз» деп, еңбек вахтасына тұрды. Жексенбіліктерге шығып жинаған мұнай майданға жеткізілді. Бұл үрдіс кейін де жалғасты. Ұрыс даласына аттанған мұнайшылардың аманатын табыстаған сондай делегациялардың бірінің құрамында Нәзен Бермағамбетов болатын.

Сөзімізге оның қаламынан туып, «Социалистік Қазақстан» газетінде 1970 жылы жарияланған «Берік қамал» атты мақаласы дәлел бола алады.

«...Мен өзім көзім көріп, куәсі болған мына жайды айтқым келеді, 1942 жылдың апрель айы болатын. Ұлы Отан соғысы әлі жүріп жатқан кез. Жеңісті шыңдау жолында өзгелердей гурьевтіктердің жан сала жұмылған шағы. «Егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалып» жүрген ерлерге жөнелту үшін бірнеше вагон тарту әзірленген. Әңгіме соңы кімдердің апарып табыс етуі керек дегенге тірелгенде: «Облыстық комсомол комитетінің секретары Сүлеймен Жүсіпбеков, мұнай өндіру мастері Нәзен Бермағамбетов жолдастар апарғаны жөн» делініпті.

...Майдан шебіне де жеттік-ау әйтеуір. Бірақ 8-ші дивизияны табу оңайға түспеді. Изюм қаласына келдік. Қаланы көргенде еріксіз көңілің бұзылады, толқып-тебіреніс жасар жәйің жоқ. Құрт шалған тістей сойдиып-сойдиып, кетік-кетік қабырғалар ырсиып қапты. Жанды дүниенің бәрі өлген. Жайнаған гүл орнында үйілген топырақ пен күл жатыр. Ойраны шыққан дүниеге қарауға жүзің де, дәтің де шыдамайды. Кеудені кек кернеп, жауға оқ болып атылған бомба болып жарылғың келеді.

Қазақстаннан, Гурьевтен тарту әкелген жігіттерді дивизия басшылары да, жауынгерлер де аса бір жылылықпен туысқандық құшағын жая қарсы алды. Ертеңіне ел сыйы үлестірілді».

Ал, Жеңістаңы атып, солқуанышқа орай өткен салтанатты жиында мұнайлы Мақат кәсіпшілігінде өткен митингте өзі сөз алып: «Біздер майдан үшін жұмыс істеп, ақырында жеңіске жеттік. Ерлер үшін істеген еңбегіміз бос кеткен жоқ, бізді жеңіске жеткізді. Біздер әлі де көрнекті табыстарға жетуге тиіспіз» деген.

Майталман мұнайшы, орденді мұнай өндіру шебері Н. Бермағамбетов 1944 жылдың тамыз айында Мақат кәсіпшілігінің мұнай өндіру бөлімінің бастығы лауазымына бекітіліп, зор жауапкершілікті талап ететін қызметін абыроймен атқарды.

Мұнай өндірудегі мол тәжірибесі бар Н.Бермағамбетов «Қазақстан мұнай» бірлестігі басшылығының ұйғарымымен 1949 жылдың қараша айында соғыс жылдары пайдалануға берілген Комсомол кәсіпшілігіне ауыстырылып, 1949-1955 жылдар аралығында осы кәсіпшіліктің мұнай өндіру цехын басқарды. Бұдан соң, кәсіпшіліктің ұңғымаларды жерасты жөндеу және күрделі жөндеу цехтарының шебері және басқа да жауапты жұмыстарда болды.

Өнертапқыш мұнайшының жоғарыда аталған және басқа да өндірісте қолданылған жаңалықтары Ембі кәсіпшіліктерінде оң нәтиже беріп қана қоймай, ғылыми жаңалық ретінде де қаралды. Оған дәлел – «Бермағамбетовтың гидробуры» тақырыбына Гурьев мұнай техникумында дипломдық жұмыстардың қорғалуы.

Адал еңбектің берекелі зейнеті болары белгілі емес пе, 1963 жылы жасы жетіп, зейнеткерлік демалысқа шықты. Қашан да қай істің болмасын, қиюын келістіретін Нәзен Бермағамбетов құрметті демалыста болған кезде де қоғамдық жұмыстардан алыстамай, белсенді араласты. Арада екі жыл өткенде 1965 жылы өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының мүшелігіне кандидат ретінде республикалық Кеңесінің IV пленумының жұмысына қатысты. Ал, 1975 жылы мұнай өндіру саласында айшықты қолтаңбасы қалған өндірісті ұйымдастырушы, ембілік ардагер, Қазақ КСР еңбек сіңірген рационализаторы Нәзен Бермағамбетов өмірден өтті.

Қазақстан мұнайына жарты ғасырға жуық саналы ғұмырын арнаған, бұрынғы Одақ аумағында танымал мұнайшылар қатарында есімі құрметпен аталатын, екі мәрте Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері Нәзен Бермағамбетов пен зайыбы Аққолқа Алтыбаеваның қызы Сағипа мен ұлы Аманжан да әке жолын жалғап, мұнайшы болды. Екеуі де Гурьев политехникалық техникумын бітірді. Аманжан Нәзенұлы Өзен қаласында еңбек жолын бастап, Мақат мұнай өндіру басқармасында, Комсомол, Алтыкөл мұнай өндіру цехтарында еңбек етіп, Англияға тәжірибе алмасуға іссапармен барды. Еңбекте әр түрлі грамоталар, төсбелгі, «Мақат мұнайына-90 жыл» медальдарымен марапатталған.

«Бәйтерек бұтағымен, адам ұрпағымен мың жасайды». Әке, ата жолын абыроймен жалғар ұрпағы, еңбегін ықыласпен еске алатын ізбасарлары барда Нәзен Бермағамбетовтың есімі еш өшпейді.


1938 жыл

*** Бетте пайдаланылған архивтік суреттер «Ембімұнайгаз» АҚ мұрағатынан. 1927-40 жылдардағы мұнай кәсіпшіліктерінің көрінісі**

РЕДАКЦИЯДАН:
Материал Н.Бермағамбетовтың ұрпақтарынан келген деректер негізінде дайындалды.

АКЦИЯ


«САМҰРЫҚНАМА: 20 ИГІ ІС»:

ембіліктер белсенділікпен қатысты

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылғанына 20 жыл толуына орай компаниялар тобында әлеуметтік жауапкершілікті, қайырымдылықты, экология, білім беру және корпоративтік құндылықтарды насихаттауға бағытталған «Самұрықнама: 20 игі іс» бастамасы жүзеге асырылды. Оның аясында еншілес және тәуелді ұйымдарда әр тақырыптарда түрлі форматтағы іс-шаралар өтті. Бастамаға ембіліктер зор белсенділікпен қатысты.











ТАЗАЛЫҚ КҮНІ:
Жастар плоггингы өтті;

КӨГАЛДАНДЫРУ КҮНІ:
Жұмыс аумағы – кеңсе ішіне жасыл-желектер орналастырылды;

ИНКЛЮЗИЯ КҮНІ:
Атырау қаласындағы BelYES инклюзивті кофехана жұмысына қолдау білдірді;

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮНІ:
автокөліктен бас тартып, жаяу жүру арқылы салауатты өмір салты насихатталды;

«МЕЙІРІМДІЛІК ҚОРЖЫНЫ» АКЦИЯСЫ:
әлеуметтік мекемелерге киім, кітап, ойыншықтар табысталды;

«МӨЛДІР БҰЛАҚ» АКЦИЯСЫ:
Жайық өзенінің жағалауын тазалап, балық аулады;

ЕҢБЕК КҮНІ:
Еңбек адамына құрметті арттыру мақсатында жастар еңбек династиялары, тәлімгерлері туралы әлеуметтік желілерде жазба жариялады;

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ КҮНІ:
Каспий өңірінің қазіргі замандағы колледжінде ЖИ технологиялары туралы дәріс өткізілді;

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ КҮНІ:
Қалдықтарды сұрыптау бағытында дәрістер ұйымдастырылды;

САБАҚТАСТЫҚ КҮНІ:
«Ішкі тәлімгерлік» жобасының қатысушысы Дана Сауенова өз тәжірибесімен бөлісті;

ҚАҒАЗСЫЗ КҮН:
Бір жұмыс күні ішінде қағазды басып шығарудан бас тартып, бұл әдісті алдағы уақытта да жұмыс барысында пайдалану туралы бастама көтерілді;

ЖАППАЙ СЕНБІЛІК:
«Азалы ана» паркінде тазалық жұмыстарын жүргізу арқылы қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау принципін нақты іспен дәлелдеді;

ҰСТАЗДАР КҮНІ:
Өмірде, қызмет барысында өзіне үлгі болған жандар туралы әлеуметтік желілерде посттар жазылды;

КӘСІБИ БАҒДАР КҮНІ:
Binom мектебінде және SK Talks алаңында салалық мамандық иелері студенттер мен жоғары сынып оқушыларымен кездесті;

ҚАУІПСІЗДІК МЕКТЕБІ:
жұмыс барысында ғана емес өмірлік жағдайларда да қауіпсіздік шараларын сақтау туралы «Доссормұнайгаз» МГӨБ лекция өтті;

МӘДЕНИЕТ КҮНІ:
Алматы қаласындағы заманауи өнер ошағы Almaty Museum of Arts және Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейіне сапар;

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ:
«Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды;

«20 ЖЫЛ – 20 МЫҢ ҚАДАМ» ЧЕЛЕНДЖ-ЭСТАФЕТАСЫ:
салауатты өмір салтын насихаттады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2026 жылғы 24 сәуірде №KZ03VPY00147512 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:
Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;
А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;
Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;
Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;
Г.Кулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ
Instagram - @embamunaigas.kz
TikTok – @embamunaigas
Facebook - Ембілік Мұнайшы
You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ

«Embі тынысы» газетін осы **QR код** арқылы да оқи аласыздар.